

## АЛЫПТАРДАҒЫ АНАЛАР ДҮНИЕСІ

(Ғ. МҮСІРЕПОВ, Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

Қазақ – қыз, ана, әйел қастерлеген халық. Ақ киізге орап хан көтермесе де, жақсы, айтуыл қасиеттерімен ерекшеленген ана есімдерімен талай жер-су аттарын атаған. Анаға деген сүйіспеншілікті ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған асыл мұралар да айғақтайды. Осындай мән-мағынаға ие болған шығармалардан сыр суыртпақтап көрелік.

Ғ. Мүсірепов көркем сөздің желісімен ана бейнесін көркемдеп зергерлік, шеберлік танытса, ал Жұбан Молдағалиев өлең-сөздің патшасы, сөз сарасымен, тілге жеңіл, жүрекке жылы тигізіп, теп-тегіс, жұмыр келтіріп айналасын, қиыннан қиыстырды «ер данасын».

«Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» алыптар тобының сөз жоқ Ғабит бірі болса, ал Жұбан сол шоғырдың шоғын жағар, жалғастыра жалынды жыршысы. Екі алыпты да табыстырған ізгі ниет – ана бейнесін көркемдеудегі шеберліктері.

Американ жазушысы Уильям Фолкнердің «Новелла – өлеңнен кейінгі ең қиын форма», – деп айтуында үлкен шындық жатыр. Ғабит болса осы қиын форманы жетік меңгерген ұлы суреткер, өйткені ана келбетін ашудағы шеберлігіне

сүйсінетін тұста шынайы сүйсінгенге не жетсін! Ғ. Мүсірепов стилінің ерекшеліктері, әсіресе, өз кейіпкерлерінің характерлерін суреттеуден, мүсіндеуден өзгереді көзге түседі. Т. Әлімқұлов айтпақшы «Ғ. Мүсірепов өзін де, өзгені де қайталамайтын тұлға».

Жазушы шығармасында әйел бейнесі – жігерлі, ақылды, сұлу да адал, мейірімді де қайсар, өршіл де күрескер, белгілі бір мүдде жолында өз жанын пида етуге бар, өр рухты да ер мінезді, мәрт те нәзік, бір сөзбен айтқанда, суреткер мұраты болып келетін – қаһарман әйелдер туралы үзбей жазған суреткер.

«Адамның анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы» іспеттес әңгімелерінің өн бойында өмірдің қатал сын сағаттарындағы түрлі ситуациялық жағдайлардан аналық күдіретке төн ұлы күш иесінің асқақ та төкаппар рухына сай мейлінше жігерлілік пен қайсарлық көрсеткен, тоқсан жолдың торабынан жол тапқызған ақылдылық, сол даналықты меңгерткен аналық сезім, сүйіспеншілік бар.

«Ер Ана», «Ана кесімі айнымайды», «Аклима» туындыларында – басымызға төнген кара

түнек түнеудің қасіретін кеше отыра, осы алапат зұлымға қарсы шыққан, әділдік заңын қолдаған тіршілік пенделерінің қатарында, әрине біріне-бірі қарсыласқан ұлы тұлға аналар еді.

«Айгүл қойшының бір күні», «Әмина», «Екі әйел – екі дүние», «Ана жыры» әңгімелерінде де әйел образының сан қилы қызығы мен шыжығы мол тіршілік әлемін шеберлікпен көркемдейді.

Жазушы шығармаларындағы осындай қаһарман әйелдер бейнесінің тәжі де, шыңы да іспетті болып, әдебиетімізге Ұлпан бейнесі келді. Ұлпанның бір бойында жоғарыдағы әйелдердің баршасына тән қайраткерлік те, қаһармандық та, осындай айбарлы қасиеттің шоғын жағар жігерлік, сол жігерлікті жетелейтін аналық сезім – бөрі-бөрі шынайы тоғысқан. Осы қасиеттердің қайсысы болмасын Ұлпанға қатысты әр алуан ситуацияда қаһарманның барша болмысын әрқашан кесек көрсетеді. Осындай қазақ әйелдерінің образын, мүсінін жасайтын Ұлпан ананы жазушы былай дейді: «Менің ойымда Ұлпан 40 жыл бірге жасасып жүрді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым. Орыс сыншылары Ұлпан бейнесінде аңыз бар десті. Мен жоқ деймін. Ұлпан бірнеше ғасыр бұрын өткен Абақ, Қарқабат, Аккелін, Домалақ ана, тағы басқа рулы елге ұран болған әйелдеріміз ғой!» (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз». Алматы: Балауса, 1993. 468-б.).

Ұлпан – тарихи шындыққа негізделген образ. XIX ғ. өмір сүрген әйел. Қаншама қатал, тегеурінді би болғанмен Есенеі тағдыр талқысына түседі. Есенеі Сибаның билігін Ұлпанға тапсырғаннан кейін, Ұлпан әуелі Есенеі төңірегіндегі кедейлердің өздеріне тиесілі үлесін береді, медресе салдырады, елді отырықшылдыққа, егіншілікпен шұғылдануға ұйымдастырады. Даужанжалды әділ шешеді, әйел тендігі мәселесін көтереді. Есенеі өлген соң Сибаның анасы атанады.

Көрнекті суреткер Т.Ахтанов «Талант мөлдірлігі» мақаласында «Қазақ сөз зергерлерінің ішінде Мүсіреповтің қайталанбас жазушылық қолтаңбасы ерекше. Стилiнiң дәлдігі, әсемдігі, тілінің нәрлігі, нәзік юморы мен аса байқампаздығы – бүкіл бір ұрпаққа үлгі», – деген пікіріне сүйенсек, шын мәнінде кемеңгер сөз өнерінің ұстасы шығармаларындағы кейіпкерлер бейнесі тамаша сомдалған соны дүние.

Жұбан ақынның көп өлендері әйел қауымына, қазақ әйелінің бұрынғы және соңғы халіне, әйел–ана, әйел–жар, әйел–қарындас, қыз–бала деген тақырыпта өріледі. «Мен қазақ әйеліне қай-

ран қалам» (1965), «Сен бала бол енді, ана» (1958), «Түсімде көрдім, анажан» (1966), «Өзі және көзі туралы» (1968), «Біз еркектер» (1972), «Қыз сыры» (1976), «Ғашық боп өтеміз» (1976) және басқа да көптеген өлендерінде қазақ әйелінің, қазақ қызының бойына тән ұлттық нақыш-ұяндығын, сыпайылық, нәзік те нанымды, тартымды бейнелерін жасайды, мадақтайды, мақтайды; мінезін, көзін, өзін дегендей тапқыр, шебер тапқан теңеулер арқылы бүкіл әлем мойындаған қазақ қызының батыр, батыл, ақылды, сұлу жандардың кескін-келбетін көрсетеді. Жұбанның тебірене жырлап, қазақ әйелінің биік бейнесін жасаған шығармасы – «Жесір тағдыры» поэмасы.

Жұбан Молдағалиев «Жесір тағдыры» поэма-сынан бастап поэзияда әйел – ана образын жасауда көп күш жұмсады. Айша тағдырын жазушы өзінің өмірбаяндық естелігінде өз анасының тағдырымен салыстырады. Ол ананың бастан кешкен елеңсіз күндері де көп еді. Бірақ жаңа заман ағысының арнасымен бірге өмір тіршілігіне араласып кетеді. Сол анаға деген махаббаттан туған жыр бүкіл қазақ әйелдерінің бейнесін ашуға жол ашады. «Мен қазақ әйеліне қайран қалам», «Жер мен әйел», «Ана туралы жыр», «Ана туралы баллада» деген секілді өлендерінде ана келбеті толығымен түседі. Ананың бүкіл жан дүниесінің тазалығы ақын өлендерінен мөлдір бұлақтай меруерт көбік шашып жатады. Талай тар замандарды басынан кешірген, соларға өзінің ерлігімен, қайсарлығымен төтеп берген қазақ әйелінің құдіретін ақын шабыттана, шаттана жырға қосқан. Мінезінің байлығына, оның еңбеккерлігіне, оның махаббатының адалдығына, маздап жанған жалынына сүйсіне, олардың алдында бүкіл қазақ ұлының атынан тағзым етеді. Се-бебі, алып та анадан туған.

Әжелер секілді бір батыр маған,  
Ықпаған нажағайдан сатырлаған.  
Қазақтың еш әйелі өз ырқымен  
Ешкімге, еш алтынға сатылмаған.  
Сарадай ақын болған, би де болған,  
Динадай дана, дархан күй де болған.  
Найза алып, қол бастаған, жауға шапқан,  
Бал-бұл гүл, бақта- бұлбұл, түзде балуан.  
Аз қызық ала білген шерлі күннен,  
О, баба, бірдей терлеп тірлігіңмен.  
Құран да, хан да оған бермепті ерлік.  
Сыйлатқан өжем өзін ерлігімен.

Ақ маржандай тізілген өлең шумақтарында қаншама түйін, терең де астарлы ой жатыр. Ақын бұл өлеңінде де мақал-мәтелдердің мән-мағынасына терең үніле отыра, «Әйелдің шашы ұзын.

ақылы қысқа», «Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық» деген мақалдардың кертартпа мәнін ашып, тарихи-әлеуметтік шындық арқылы әйелдерді жастық пен жасампаздықтың, күш пен ақылдың, сана мен сезімнің адам баласы тағзым етпей қоймайтын «төңірісі» екендігін дәлелдейді.

Ақын жырларындағы тағы бір мән берерлік жәйт – туған жер, Отан суреттеуіндегі жер – тіршілік негізі, жаратылыс анасы. Бұл жер, ана деген екі ұғым жаратылысымызда санамызға тіршілік иесі боп қалыптасқан. Бұл ұғым Жұбанға дейін де, Жұбаннан кейін де бір-біріне теңеу, балама ретінде қолданылып келе жатқан теңеу. Ж. Мәмбетов «Жұбан Молдағалиевтың ақындық шеберлігі» атты еңбегінде: «Жер мен ананы салыстыра суреттегенде ол екеуінің байланысынан образ жасауға қажетті поэтикалық құрал ғана іздемейді, олардың ұқсас баламасынан философиялық бірлік табуға тырысады. Ақын өзі суреттеген объектісінің пішіндік жақындығынан гөрі мазмұндық келісіміне көп көңіл аударады» [4], – деп көрсетеді.

Сол сияқты, «Тайпақ деген жер бар» деген лирикасында «Саған дәйім баламын, анам деп сені айтамын» немесе «Туған жерде тағы да» өлеңінде «Кіндігім бір туған жермен менің де, анасың ұл әлпештейтін күн бүгін» деп ерекше шабытпен жер мен ананы қатар қоя жырлау үлгісінің көптеп кездесетіндігін аңғаруымызға болады.

Ақын жанының нәзіктігі мен әйелге деген зор құрметі сұлулық пен парасаттылықты сөз еткенде, бар ізгілік анадан туындайтынын мойындай келе, ең қасиетті жер-анамен ғана теңейді.

Жер – күдірет, жер – алдияр, жер – дана,  
Теңеу болса, әйелге тең – жер ғана.  
Жер де – әйел, тіршіліктің құрсағы  
Өлерде де дейміз оны жер- ана.  
(«Жер мен әйел». 263-б.).

Өмірдің алып күші алыптарды да:

Әйел ғой аялайтын ертелі- кеш,  
Ер жігіт оны қалай еркем демес.  
Әйел ғой – сұлулық та, ұлылық та,  
Әйелге бас имеген – еркек те емес, –

деп ұлы сезімге бас игізеді және тағзым етеді. «Мен қазақ әйеліне қайран қалам» шын мәнінде:

... Сол қатын – ару, ана – асыл халық,  
Басынан қанша сорды асырды арып!  
Ауырмай жеткізді ол ұрпақтарын  
Осынау тандай нұрлы ғасырға алып, – (258-б.)

тағдырымызға белгілі небір замандағы даналығына сұлулық келбеті сай Домалақ ана, Ақ келін, Қарқабат, Абақ немесе Гүлбаршын, Айман-Шол-

пан немесе Зере мен Ұлжан т.б. ел тыныштытығын сақтаған дарияларымыз ғой! Ақын жырының арқауы – әйел-ананың қазақ қоғамындағы орны мен атқарған қызметі, тарихи тұлға ретінде атануы, оның аса зор қасиеттілігі мен қадіріне бас ию. Осының бәрін ой таразысына сала, бүгінгі күн тұрғысынан баға береді. Әйел–ана, әйел–ақын, әйел–батыр, ол күйші ғана емес билік тұтқасын ұстаған ел басшысы, екі елді бітістірген ер данасы. Оның әлеуметтік рөлін, күллі адамдық, азаматтық қасиетін ақын шағын ғана лирикалық өлеңге сыйдырып, меже тұтқан идеялық тұжырымын анық жеткізеді [4, 49-б.].

Ұлттық мінезімізде қалыптасқан «қабырғаңмен кеңес» деген тіркесті сөздің идеялық мазмұнын ақын:

Ас сұрап әлде бірде атын мінсін, –  
Атамыз дейтін болған қатын білсін ...  
«Алып та жаралады анадан» деп,  
Айбынған айтуға да батыл бір сын, –

деп нақышын тауып келтіреді. Ақын шығармасында – қазақ әйелінің бейнесі ұлттық ерекшелігімен көрінетін өзіндік мінезі «Жайнаған, жалындаған, жайрандаған жүрегіміздің ханшасы» – Әйел-анаға жыр шоғын ұсынады.

Жыр шоғын ұсынған ақын:

Сол үшін өз есіміңмен  
Ел-ана, деп адам,  
Жер-ана деп адам,  
Тербеледі бесігіңмен, –  
(«Ана туралы жыр». 383-б.)

деп жан дүниенің көңілін ашады, өйткені ана ақ сүтінен нәр алып, киелі бесік жырымен тәрбие алып қай- қайсымызда өмірге қадам басамыз. Не деген ұлы теңеу! Ұлы тұлға! Қалай табынбасқа.

Мен әйелге төңірімдей табынамын,  
Гүл ұсынам поэзия бағынан.  
Хауа-анаға қара жер де қарыздар,  
Содан туса адам аты бағыбан! –

деп («Жер мен әйел». 263-б.) әйел затының ақылдылығына, сұлулығына бағынып табынса да, жеке басқа табынушылыққа, «көрсен қызар, көр соқырлыққа» салынбайды. Профессор З. Бисенғали еңбегінде: «Ана, әйел, махаббат тақырыбын Отан, өмір ұғымдарымен қатар алып, биікке көтере соны теңеу, күрделі метафора, салыстырулар арқылы шебер бейнелейді», – деп көрсетеді [5]. Және де тағы бір қызығы ақынның кейбір ақындардай сезімге құлай берілмей, жалпы қазақ әйелінің өзіндік дара ұлттық мінезіне сүйсінетіндігін байқаймыз. Осы бір құпия сыр сынын

3. Бисенғали өз еңбегінде мән-мағынасын аша түседі.

Қоғамда көркем әдебиеттің тәрбиелік ролінің зор екендігін ескерсек, Жұбан шығармаларының құндылығын осы тұрғыдан да жоғары бағалауға болады. Профессор З. Бисенғали: «Ж. Молдағалиев өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі» атты мақаласында жан-жақты зерттеу, ұтымды пікірлер айтумен қатар Жұбанның заманымыздың үлкен кеселі — сөз экологиясы туралы да жазған ойының мән-мағынасын аша түседі. «Азып-тозатын дүние-мүлік, табиғат қана емес, сөз де сол күйді кешуде. Әдебиет теориясында көп қолданудан жүдейтін, түте-түтесі шығатын сөздер болатыны мәлім. Ал сөз экологиясы бұдан мүлдем басқа нәрсе. «Махаббат», «Сүйемін» деген қасиетті сөздер әдебиет пен өнердің басты объектілерінің бірі, сезімдер сырына қаныққан сөздер. Солардың бүгінгі таңдағыдай жайдақ, тұрпайы, тосын қолданыстарын бұрын шет елдік фильмдерден, бұқараға арналған баспасөз материалдарынан көретін едік, қазір бізге де келген», — деген З. Бисенғали пікірінің де растығын қазіргі теледидардағы кинолардан, толып кеткен алуан түрлі газет-журнал, көркем әдебиеттегі материалдар мазмұнынан байқайсыз.

«Сүйем» деген жалғыз сөз серт боп келген,  
Серт бұзылса — дауасыз дерт боп кірген.  
Кейбіреуге осы сөз жауыр аттай,  
Жайдақтап не терліксіз ерттеп мінген.

Мың рет ойланып, бір рет пішілген керемет дүние емес пе?! Осындағы «Сүйем» деген сөздің — өткен өміріміздегі халі мен бүгінгі таңдағы күй-жағдайын өзіңіз де сезесіз. Ұлының да, қызы-

ның да берілген серті бұзылмаған, бұзылса «дауасыз дерт» боп бойында бозғындаған. Ал қазір ше? «Жайдақтап не терліксіз ерттеп мінген» бір адам. Осындай тақырыптағы алуан түрлі әңгіме, жыр т.б. материалдарды бұқараға арналған баспасөз беттерінен көптеп кездестіреміз. Ал бұның оқырман қауымына әсер етпей қоймайтыны айдан анық.

Жұбан әрқашан қазақ әйелінің бойындағы рухани байлығын жоғары бағалап, қадірлеп, қас-терлеп, пір тұтып келеді.

Ана — даламыздың ары, санамыздың сәулесі, адам мейірімінің мекені. Ортада жанған жалынды от. Сол от қайырымсыз борандардың, қатал аяздардың зәрін сындырып, кеудеде мәңгі маздап келеді. Оның от махаббаты қара тастай қатыгез ажалды да ерітеді. Анаға арналған Ғабит әңгімелері, Жұбан өлеңдері серіппелі сезімімен, философиялық толғанысымен, терең ойлылығымен және жітігі табыла жайғасқан тенеу сөздерімен ерекшеленеді. Ана алыптар дүниесін табындырып, шабыт құндағына бөлейді. Анадан нәр алған сөз өнерінің құдіреті көрікті, жемісі өнікті.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Молдағалиев Ж.* Үш томдық шығармалар. Алматы, 1979. I т.
2. *Жұмабеков С. Ғ.* Мүсірепов. Алматы: Мектеп, 1989.
3. *Мүсірепов Ғ.* Ұлпан. Алматы, 1980.
4. *Мәмбетов Ж. Ж.* Молдағалиевтың ақындық шеберлігі. Алматы, 2002. 36 б.
5. *Бисенғали З. Ж.* Молдағалиев өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі / Ж. Молдағалиевтың 80-жылдығына арналған конференция материалдарынан. Орал, 2000. 12-б.